

Reference

- [1] U.S. Department of State. FLEX Program Overview. 2021. <https://exchanges.state.gov>
- [2] Bureau of Educational and Cultural Affairs. FLEX Scholarship Program. 2021. <https://exchanges.state.gov>
- [3] Fedorovska, Y. V. (2022). Values profiling of future leaders exchange program (FLEX) alumni (Bachelor's thesis, National University of Kyiv-Mohyla Academy)
- [4] Hofstede, Geert. Culture's Consequences. 2001; Inglehart, Ronald. Modernization and Postmodernization. 1997; Spranger, Eduard. Types of Men. 1928; Schwartz, Shalom. "A Theory of Basic Human Values." 1992
- [5] American Councils for International Education. (2024). FLEX Student handbook 2023-2024
- [6] American Councils for International Education. (2024). FLEX School-Admin handbook 2023-2024.
- [7] Sustarsic, M. (2022). Public diplomacy and exchange programs at a secondary school level: Alumni experiences.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АРУЛАРЫ

Пірмен Қ.Д.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті

Ғылыми жетекшіі: п.ғ.м. Шаяхметова М.Н.

qymbattym07@mail.ru

Қарағанды қ.

Екінші дүниежүзілік соғыс, оның ішінде Ұлы Отан соғысы - әлем тарихындағы ең ауыр әрі қасіретті соғыс болды. Бұл соғыс адамзаттың тағдырын өзгертіп, көптеген халықтың өміріне ауыр зардабын тигізді. Қазақстан да осы сұрапыл соғыстан тыс қалмады. Соғыс басталғаннан кейін, қазақ қыздары ерлермен бірге майданға аттанып, Отанын қорғау үшін бар күш-жігерін жұмсады.

Бұл жұмыстың мақсаты - Ұлы Отан соғысында қазақ қыздарының майдандағы және еңбек майданындағы ерліктерін зерттеу, болып табылды. Олардың жасқанбай күрескен ерліктері бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болып қалатыны сөзсіз. Соғыс басталғанда, көптеген қазақ қыздары соғысқа қатысуға бел байлап, өз елін қорғау үшін майданға аттанды. Қазақ қыздары тек майданда ғана емес, сонымен қатар еңбек майданында да зор жұмыс атқарды. Олар фабрика, зауыттарда еңбек етіп, ауыл шаруашылығында да ерен еңбектерін көрсетті. Әскери медицинада да, медбике ретінде майданға барған қазақ қыздары жауынгерлердің өмірін құтқарып, оларға қолдау көрсетті. Бұл кезеңде олардың батырлығы мен қайсарлығы шексіз болды. Қазақ аруларының Екінші дүниежүзілік соғыстағы ерлігі өте ерекше.

Қазақ әйелдерінің арасында көптеген батырлар мен ержүрек жауынгерлер болды. Олардың арасынан ерекше көзге түсетіндері - майданға баруды өз еркімен таңдап, күрес жолына түскен батыр аруларымыз. Мұндағы қазақ әйелдері ержүректікті танытып, майданға өздері сұранып барғанын да ұмытпауымыз керек: «Менің өтінішімді қабылдап, мені Қызыл Армияның қатарындағы жауынгері етіп тағайындауларыңызды сұраймын, себебі мен тыс қалғым келмейді. Мен өзімнің ағаларыммен бірге майданға, отанымды қорғауға аттанғым келеді. Мен отанымның алдындағы борышымды өтеуді мақсат етемін. Менің өтінішімді қабылдауларыңызды сұраймын. 13 маусым 1943 жыл. Кузнецова» [1, 23 б].

Қазақ қыздары Ұлы Отан соғысында өз елін қорғау үшін аянбай еңбек етіп, үлкен ерлік көрсетті. Олардың батырлығы мен қажырлы еңбегі бүгінгі ұрпаққа үлгі болып қала береді. Олардың хаттарында - еліне қызмет еткісі келген, өзінің қайсарлығы мен Отанға деген сүйіспеншілігімен ерекшеленген тұлғаның жан айқайы. Мұндай хаттар майданның сұрапыл сәттерін, олардың рухын, қиындықтармен күресін нақты көрсете отырып, сол кезеңдегі әйелдердің ерлігін түсінуге мүмкіндік береді. Мысал үшін, Доспанова Хиуазбен өткізілген сұхбатты қарастырайық: «Жау Мәскеуге таяды. Орталық Комитетте қазақ қыздарының армияға шақырылып жатқаны белгілі болды. Мен, және тағы бірнеше қыз осында келдік. Барлығының көздері отқа толы, мен майданға аттанатыныма осы кезден нық сенімді болдым. Бірақ майданда нақты кім болатынымды да білмедім, бастысы отанымға қызмет еткім келді... Ұшқыштар тобында біздің ойымызда тек бір ғана мәселе болды- білім алу, ал жүрегімізде жалғыз мақсат- тезірек майданға аттану...» [2, 54 б].

Әлия Молдағұлова - Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлігімен ел есінде қалған қазақтың батыр қызы, Кеңес Одағының Батыры. Ол 1925 жылы 15 маусымда Ақтөбе облысы Қобда ауданында дүниеге

келген. Әлия жастайынан жетім қалып, кейін Алматыдағы балалар үйінде тәрбиеленді. 1942 жылы соғыс өрті өршіген тұста ол өз еркімен майданға аттануға шешім қабылдап, Ленинград маңындағы Орталық әйелдер мергендер мектебіне оқуға түседі. Осы мектепте ол мергендік өнерді кәсіби түрде меңгеріп, дәл көздейтін, шыдамды әрі батыл оқушы ретінде ұстаздарының жоғары бағасын алады. 1943 жылдың тамызында мектепті үздік аяқтап, Молотов атындағы 54-ші жеке мергендер бригадасының құрамына қабылданады. Ол алғашқылардың бірі болып шабуылға шығып, сол сәттен бастап әскерилер арасында бұрын-соңды болмаған ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Әлия өзінің қысқа ғана майдан өмірінде 78-ден астам фашист солдатты мен офицерінің көзін жою арқылы нағыз мерген екенін дәлелдеді. Оның мергендік шеберлігі, жылдам шешім қабылдауы, қиын жағдайда қорықпай алға шығуы командирлер тарапынан жоғары бағаланды. Сол үшін ол бірнеше мәрте грамоталармен, мақтау қағаздарымен, сонымен қатар «От ЦК ВЛКСМ за отличную стрельбу» жазуы бар арнайы мерген мылтығымен марапатталды. 1944 жылдың қаңтарында Псков облысы, Чёрная речка маңындағы шайқаста Әлия ерекше ерлік көрсетті. Ол жаудың бірнеше дзотын жойып, взводтың алға жылжуына жол ашты. Соңғы сәтке дейін шегінбей, жараланса да қарулас жолдастарына дем беріп, шайқасты жалғастырды. Алайда, ауыр жарақат салдарынан 1944 жылы 14 қаңтарда ерлікпен қаза тапты[3].

Мәншүк Мәметова (шын аты - Мәнсия Мамытова) - қазақ халқының маңдайына біткен батыр қызы, Ұлы Отан соғысының аңызға айналған қаһармандарының бірі. Ол соғыс басталғанда-ақ майданға өз еркімен баруды мақсат етті. Оның жүрегінде туған елге деген сүйіспеншілік пен жауға деген өшпенділік қатар ұштасып, нәзік жүректі қызды нағыз өжетті жауынгерге айналдырды. Мәншүк өз командиріне жазған хаттарының бірінде: *«Аға, сізден қарындастық бір тілегім осы. Қарсы бола көрмеңіз. Мен пулеметшы болсам, фашистердің талайын жер жастандырып, жаудан тезірек кек алуға, жеңіс күнін жақындата түсуге үлес қосар едім...»* - деп жазады. Бұл сөздер - жас қыздың жан айқайы, елге деген адалдығы, жүрегіндегі үлкен арманның көрінісі. Ол жай ғана медбике немесе кеңсе қызметкері болуды емес, жаудың тура жүрегіне қарсы шығатын, майданның ең қауіпті шебіне баруды таңдады. Оның бұл өтініші командирлерді бейжай қалдырмады. Сөйтіп, Мәншүк пулеметші болып тағайындалып, әскери оқу-жаттығулардан өтті. Ол ауыр Дегтярев пен Максим пулеметтерінің тілін меңгеріп, олардың әрбір тетігін жатқа білген нағыз кәсіби мерген жауынгерге айналды. Мәншүк майданға аттанғанда өзінің командиріне тағы бір хат жазды: *«Сіздің арқаңызда майданға аттанып, жауынгер атанғаным үшін көп рақмет айтқым келеді. Мен шексіз бақыттымын!..»* 30.07.1942. Бұл хаттан соғыс даласына кетіп бара жатқан қыздың қандай рухта болғанын аңғаруға болады. Алдында қаншама қауіп-қатер күтіп тұрғанын білсе де, ол жауынгер атанғанына бақытты еді. Өйткені ол бар мақсатын, өмірінің мәнін елін қорғаумен байланыстырды. Мәншүк соғыста қайсарлығымен көзге түсіп, майдандастарының құрметіне бөленді. Ол пулеметінің соңында жауға қарсы жалғыз қалса да, шегінбейтін. Оның ең соңғы шайқасы - Невель түбіндегі ұрыс - тарихта мәңгі қалды. Жау қоршауға алғанда Мәншүк өз пулеметімен үздіксіз оқ жаудырып, жүздеген жауынгердің өмірін сақтап қалды. Ол жан тапсырғанша бір адым да шегінбей, нағыз қаһармандығын көрсетті. Қазақстаннан шыққан алғашқы әйел - **Кеңес Одағының Батыры** атағын иеленген Мәншүк Мәметова ел тарихында өшпес із қалдырды. Оның есімі - батылдықтың, адалдықтың және елге деген махаббаттың символы.

Тағы бір қаһарман аруымыз - Жакеева Дамеля. Ол жайлы шынайы естеліктері оның қандай қайсар мінезді, рухы биік жан болғанын айқын көрсетеді. Дамеля өз сөзінде: *«Ол кезде біз комсомолша тәрбиеленгенбіз: қиындық қай жақта болды - біз сол жаққа аттанатынбыз. Сондықтан әскери комиссариатқа барып, майданға аттандырылуды сұрандым. Мен осы өтінішіммен 3 рет келіп, қабылданбай, тек 1942 жылы майданға аттандым»,* - деп жазады. Бұл сөздер бір ғана қыздың емес, тұтас бір буынның болмысын ашып тұр: қиындыққа қашпай қарсы жүру, ел басына күн туған сәтте ең алдыңғы қатардан табылу - сол уақыт жастарының басты қасиеті еді. 1942 жылы Дамеля көптен күткен шешімді естіп, әскер қатарына алынды. Ол майданға бірден аттандырылып, алғашқы әскери тапсырмаларын орындауға кірісті. Бір түні олар дабылдан оянып, қайда бара жатқанын білместен, әскери ұшаққа отырғызылады. Ұшақ оларды Сталинград майданы маңындағы Демидовода қалдырады. Бұл - тарихтағы ең қанқұйлы соғыстың жүрегі, қырғынның нағыз алдыңғы шебі болатын. Дамеля мұнда авиация шебері әрі ұшақ жөндеуші қызметін атқарды. Соғыс жағдайында авиация мамандарының рөлі өлшеусіз еді: олардың қолымен жөнделген әрбір ұшақ жауға қарсы әуеге көтеріліп, ондаған сарбаздың өмірін құтқарып, шешуші операциялардың табысты болуына ықпал етті. Дамеля да осындай жауапкершілігі ауыр, қауіп-қатері мол қызметтің алдыңғы қатарында жүрді. Дамеля кейіннен Оңтүстік фронтта, Прибалтикада, Ленинград майданында болып, бірнеше маңызды стратегиялық операцияға қатысады. Оның ерлігі мен табандылығы командирлер тарапынан жоғары бағаланып отырған. Жауынгер қыз әр сәтте «майданда жүргенім - халқымның болашағы үшін» деген оймен күш жинап, қиындықты жеңе білген. Ең бастысы - Жакеева Дамеля **Берлинді алуға**

қатысқан Қазақстанның жалғыз қызы болды. Бұл - оның әскери жолындағы ең биік белес, ерекше мақтанышқа лайық тарихи факт. Берлин үшін шайқас - Екінші дүниежүзілік соғыстың соңғы, шешуші кезеңі еді. Осы ұрыста болу - кез келген жауынгер үшін үлкен ерлік, ал нәзік жанды қазақ қызы үшін - ерекше қайсарлықтың, асқан батырлықтың белгісі.

Дамеля бір естелігінде: *«Екі рет түсімде Сталинмен қол ұстасып келе жатқанымды көрдім, ол қазақша сөйлесіп келе жатты. Осыған қарап мен міндетті түрде үйге оралатынымды сезгендей болдым»*, - дейді. Бұл сөздер оның жүрегіндегі үміттің, өмірге деген құштарлықтың еш сөнбегенін көрсетеді. Қанша ауыр кезеңдерді бастан кешсе де, ол әрдайым Алланың аманатымен елге қайтатынына сенген. Жакеева Дамеля - ерлігі елге танылмай кеткен қарапайым жауынгер ғана емес, қазақ әйелінің қандай қиындыққа да төтеп бере алатынын дәлелдеген тарихи тұлға. Оның өмір жолы - батылдықтың, еңбекқорлықтың, рухтың биік үлгісі. Бүгінде Дамеля сияқты есімі аз айтылып жүрген батыр қыздардың тағдырын зерттеу - өткеннің қателігін түзеу, ата-бабамыздың ерлігін жаңғырту, ұлт рухын құрметтеу. [2, 64 б].

Оразғалиева (Касенова) Ажар - Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлігімен көзге түскен қазақ батыр қызы. Ол соғыс басталған күнді мәңгі есінде сақтап, сол кезеңнің қиындықтары мен ауыртпалықтарын кейінгі ұрпаққа жеткізген. Ажар өз естелігінде: *«Мен соғыс басталған күнді жақсы есімде сақтадым. Соғыстың басталғанын біздің отбасымыз көршілерден білді. Адамдар фашистік Германияның біздің елге опасыз шабуыл жасазаны туралы хабарды талқылап жатты. Көптеген адамдар сескеніп қалды, бірақ қорықпады. Барлығы соғыстың жақында аяқталатынына сенді»*, - дейді. Бұл сөздер - сол кезде қазақ ауылдарының, қарапайым азаматтарының ішкі сезімін, қорқыныш пен үміттің қатар жүретінін көрсетеді. Барлық адамдардың жүрегінде - майданға аттанып, елін қорғауға деген асқақ арман болды. Сол арман мен батыллықтың символы - Ажар және оның құрбылары. Қыздар соғыс басталған сәттен-ақ қару алып, алдыңғы шепке шығуға таңқаларлық табандылық танытты. Ажар 1942 жылы ерікті түрде майданға аттанды. Сол алғашқы жылдары жауынгерлердің қатары қатты азайып, соғыстың қиындылығы айқын сезілген кезең еді. Майданда әйелдер ер адамдардың орнын алмастырып, аса қауіпті тапсырмаларды орындауға кірісті. Ажар өз естелігінде: *«Мен және менің батыр құрбыларым қорқыныш пен үрейді сезіндік, бірақ өз сезімдерімізді бастан кешіруге уақыт болмады. Сол уақытта біз өзіміз туралы көп ойламайтын едік. Әр шайқас алдында өз туыстарымды еске алып, бір ғана нәрсеге үміттенетінмін - жеңіске жетіп, тірі қалуға»*, - дейді. Оразғалиева (Касенова) Ажар майданда тек физикалық күш-жігерін ғана емес, рухының мықтылығын да көрсетті. Ол қиындыққа мойымай, өзінің ұлттық рухын сақтай отырып, елін қорғауға үлес қосты.

Оның ерлігі - қазақ қыздарының Ұлы Отан соғысындағы рөлі мен олардың қаншалықты батыл болғанын көрсететін ерекше мысал. Ажар сияқты батыр қыздардың өмір жолы бүгінгі ұрпаққа тек тарихтың сабағы емес, сонымен қатар рухани күш, патриоттық тәрбие мен төзімділіктің үлгісі болып қалуы тиіс [2, 197 б].

Гүлімжан Қарсыбекова - Ұлы Отан соғысының отты жылдарында еліне адал қызмет еткен қайсар қазақ қыздарының бірі. Соғыс басталған сәттен бастап ол өз еркімен майданға аттануға шешім қабылдап, әскери медицина саласында жұмыс істеуге ниет білдірді. Арнайы қысқа мерзімді медициналық даярлықтан өткен ол майдан даласындағы ең ауыр міндеттердің бірі - жаралы жауынгерлерді құтқару қызметін атқарды. Гүлімжан Ленинград қоршауын бұзу операциясына қатысқан әскери бөлімдердің қатарында болды. Азық-түлік пен дәрі-дәрмек тапшылығына, қатып-семген суыққа қарамастан, ол алдыңғы шепке жақын жерлерде жаралыларға алғашқы медициналық көмек көрсетіп, талай солдаттың өмірін сақтап қалды. Оның үздіксіз еңбегі, қорқынышқа берілмеген қайсарлығы командирлер тарапынан жоғары бағаланды. Новгородты азат ету операциясы кезінде Гүлімжан қайтадан алғы шепке жіберілді. Бұл шайқаста ол ауыр жараланған сарбаздарды ұрыс алаңынан алып шығып, өміріне араша түсті. Осы жанкешті еңбегі мен батылдығы үшін оған Қызыл Жұлдыз ордені табысталды. Бұл марапат - Отан алдындағы ерең қызметтің, адам өмірін құтқарудағы үздік ерліктің белгісі. Соғыс жылдары Гүлімжан Бірінші Украин майданы құрамында Берлин бағыты бойынша жылжыған әскермен бірге Польша аумағына өтті. Онда ол 12 мыңға жуық әскери тұтқындарды қамтыған ірі госпитальдің ұйымдастырушысы әрі басшылардың бірі болды. Осындай көлемді медициналық мекемені басқару - үлкен жауапкершілікті қажет ететін жұмыс еді. Гүлімжан күн-түн демей жаралылардың жағдайын қадағалап, медбикелердің жұмысын үйлестіріп, жүздеген адамның өмірін сақтап қалуға үлес қосты [4, 123 б].

Соғыс жылдары «Социалистік Қазақстан» газетіне «Майдандағы қазақ қыздары» атты мақала жарық көрді. Оның авторы академик-ғалым әдебиетші Қажым Жұмалиев. Осы жазбада: «Қазақтың ару қыздары Рауза Шамшатова, Әлия Молдағұлова, Ерке Оразбаева, Баян Байғожина, Балшекер Ахметова

т.б. қарындастарымыз майдан даласында өлшеусіз ерлік көрсетті» дей отырып, әсіресе Балшекер деген жас ару жан ағасының кегін қайтару үшін өзі сұранып соғысқа аттанғаны туралы жазыпты [5].

Балшекер Ахметова - Ұлы Отан соғысында ерлігімен көзге түскен қайсар қазақ қыздарының бірі. Ол майданға өз еркімен аттанып, алдымен санитарлық қызметте, кейін қажетті дайындықтан өтіп, ұрыс алаңында қару ұстап шайқасқан жауынгер ретінде танылды. Балшекердің ағасы соғыс жылдары қаза тауып, бұл жағдай оның жүрегінде кек пен қайрат отын тұтатты. Ол ағасының өлімін босқа қалдырмаймын деп серт беріп, майдан шебінде аса батылдықпен соғысты. Балшекер III Украина майданы құрамында Дунай, Қырым, Одесса бағыттарындағы ауыр операцияларға қатысады. Бұл майдан Екінші дүниежүзілік соғыстың ең қанды және шешуші бағыттарының бірі болған еді. Жауынгер қыз кез келген қауіпті тапсырманы орындаудан қорықпайтын, алдыңғы шепке шығуға әрдайым дайын тұратын. Оның мергендігі, тапқырлығы және ерлік әрекеттері командирлер тарапынан бірнеше рет аталып өткен. Балшекер Ахметова көптеген шайқастарда жаудың ондаған солдатты мен офицерін жойып, взводтың алға жылжуына үлкен үлес қосты. Ол тек мерген ғана емес, қажет болғанда жаралыларды атыс астынан алып шыққан жанкешті батыр ретінде де есте қалды. Ұрыс даласындағы табандылығы мен қайсарлығын көрген жоғары қолбасшылық Батыр қызды марпаттауға ұсынып, ол «Қызыл Жұлдыз» орденін иеленеді. Бұл орден - Отанға сіңірген ерекше еңбегі мен жанқиярлық ерлігінің айқын дәлелі. Соғыс жылдарында Балшекер өз бойындағы әйелге тән нәзіктікті, қорқынышты, ауыртпалықты жеңіп, нағыз жауынгерге айналды. Оның есімі бүгінгі күнге дейін қазақ халқының батыр қыздары деген құрметті қатарында аталады. Балшекер Ахметованың өмір жолы - қайсарлықтың, шынайы ерліктің, патриоттық рухтың жарқын үлгісі. Сол сияқты «Социалистік Қазақстан» газетінің 1944 жылғы 13 маусым күнгі санында старшина Б.Сағындықовтың «Санитарка Әсия» атты мақаласы жарық көріпті. Бұнда қан майданда ерлік көрсетіп, оқ тиген солдаттардың жарасын таңып, оқ пен оттың астында шырқырай жортқан батысқазақстандық батыр қыз Әсия Бекетова жайлы тебіреніске толы толғаныс айтылған екен.

Қаһарман аруларымыздың тағы біреуі - Баян Байғожина туралы «Комсомольская правда» газетінің 1945 жылғы 8 наурыз күнгі санына әскери тілші П. Кузнецовтың «Девушка из Чингиз-тау» атты очеркі жарияланған. Автор кейін соғыстан соң жарық көрген «Алматыдан Берлинге дейін» атты кітабында да қазақтың батыр қызы Баян туралы кең көлемде баяндайды. Онда Баянның өжеттігі, мінезінің қайсарлығы, майдандағы ерлігі ерекше мақтанышпен сөз етіледі. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Баян Байғожина жас болуына қарамастан, өз еркімен майданға баруға өтініш білдірген. Ол алғашқы күндерден бастап алғы шепке жіберіліп, Белорусь, Литва, Польша және Германия жерлерін азат етуге арналған ұрыстарға қатысады. Оның командирлері бойындағы батылдықты, тапсырманы орындаудағы ұқыптылығы мен жанкештілігін жоғары бағалаған. Кеңес әскерлері Германия аумағына өткен кезең - майдан тарихындағы ең ауыр да жауапты сәттердің бірі еді. Осы шешуші кезеңде Баян серіктестерімен бірге Гинденбург түбіндегі қиян-кескі шайқастарға қатысады. Жауынгер қыз бұл ұрыстарда талай рет өлім аузынан аман қалып, бірнеше рет ауыр жарақат алады. Алайда жараланғанына қарамастан, қатардан шықпай, жауынгерлермен бірге алдыңғы шепте соғысуын жалғастырған. Гинденбург түбіндегі шайқаста Баян өзінің он бесінші жауын жойып, ерекше қолбасшылық мақтауына ие болды. Оның ерлігі ескеріліп, Баян Байғожина Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталды. Бұл марапат - оның қаһармандық рухының, майдандағы табандылығының, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігінің айқын дәлелі. Соғыс жылдарында Баян тек мерген ғана емес, бөлімдегі өзге сарбаздарға рух беріп, оларды алға жетелейтін қайсар мінездің иесі ретінде танылды. Оның батылдығы туралы майдангерлер арасында көптеген аңыз-әңгімелер тарады. Әскери тілшілер де Баянның ерлігіне сүйсініп, оны Кеңес әйелдерінің айрықша төзімділігі мен қайсарлығын көрсететін символ ретінде жазды. Соғыс аяқталған соң да Баянның аты ел есінде сақталып қалды. Оның ерлігі туралы көптеген мақалалар, очерктер жарық көріп, батыр қыздың бейнесі кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде ұсынылды. Баян Байғожина - қазақ рухының өрлігін, әйел ержүректігінің биік деңгейін танытқан тұлғалардың бірі. [6].

Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақ қыздарының тағдыры - халқымыздың тарихындағы өшпес мұра, ұлт жадында мәңгілікке қалар қасиетті шежіре. Олар сұрапыл соғыс жылдарында тек әскери міндетін атқарып қана қойған жоқ, бүкіл бір ұлттың намысын арқалап, қайсар рухтың, өр батылдықтың, ерік-жігердің, туған жерге деген шексіз сүйіспеншіліктің символына айналды. Қазақ даласының әр бұрышынан майданға аттанған бұл арулар - қашанда қорғансыз емес, қажет болса ел үшін жанын қия алатын халықтың перзенттері екенін дәлелдеді. Бүгінгі күні олардың ерлігі біз үшін тек өткеннің естелігі емес. Бұл - болашаққа бағыт беретін, адамды жігерлендіретін, қиындыққа мойымай, алға ұмтылуға шақыратын ұлы күш. Соғыстың ең ауыр сәттерінде жауынгерлік сертінен таймаған, жүрегіндегі қорқынышты қайсарлықпен жеңген қазақ қыздарының ерлігі - бүгінгі ұрпаққа

үлгі, ертеңгі күнге аманат. Олардың қайсарлығы мен рухы адам жанының қандай биіктікке көтеріле алатынын айғақтайды.

Батыр арулар - Әлия, Мәншүк, Хиуаз, Баян, Гүлімжан, Балшекер және басқа да жүздеген есімі ұмытылуға тиіс емес қыздарымыз - соғыс жылдарында ажал мен өмірдің арасындағы арпалыста адамгершіліктің, парыздың, адалдықтың шоқтығын биік ұстай білді. Олар елдің амандығы үшін, болашақ ұрпақтың тыныштығы үшін қайсарлық танытып, жауға төтеп берді. Әр оқиғасы - жеке бір тағдыр, жеке бір ерлік, жеке бір дастан.

Біздің міндетіміз - сол ерлікті тек құрғақ мәлімет күйінде емес, жүрекпен сезініп, оны келер ұрпақтың санасына сіңіру. Өйткені батырлардың даңқты жолы - ұлттық намыстың тұтқасы, елдіктің негізі. Ерлік ұмытылған жерде ұлт рухы әлсізденеді, тарихтың мәні жоғалады. Сондықтан батыр қазақ қыздарының ерлігін дәріптеу - бүгінгі ұрпақтың ең қасиетті парызы. Осы зерттеу жұмысы қазақ қыздарының Екінші дүниежүзілік соғыстағы рөлі мен ерлігін тереңірек ашып көрсетуді мақсат етеді. Бұл - бір кезеңнің немесе бір оқиғаның ғана тарихы емес, бүкіл ұлттың рухани қазынасы, тәуелсіздікке жетелеген биік мұраттардың бастауы. Батырларымыздың өнегелі өмірі мен ерлік жолы бізге не үшін күресу керектігін, елдік деген ұғымның шынайы мәнін, туған жерге деген адалдықтың биіктігін ұқтырады. Батыр қыздардың өнегелі өмірі мен ерлік жолы бізге терең сабақ береді: не үшін күресу керек, елдік пен патриоттықтың шынайы мәні қандай, туған жерге деген адалдық пен махаббат қалай болуға тиіс. Бұл ерлік тек өткенге ғана арналған даңқ емес, бүгінгі және болашақ ұрпаққа рух беретін күш, қиындыққа мойымай, биік мақсаттарға жетуге шабыттандыратын үлгі. Әр қазақ қызының майдандағы ерлігі - тек жеке қаһармандық емес, бүкіл ұлтқа деген аманат. Оны дәріптеу, насихаттау, жас ұрпаққа жеткізу - ұрпаққа батылдық пен намыс, тарихқа құрмет пен патриоттық сезім сыйлайтын маңызды міндет. Сол арқылы ғана ұлт рухы биік болып, ерлік пен азаматтық қасиеттер жаңа буынға үлгі болып қалмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Женщины Казахстана и Великая Отечественная война: 1941-1945: Сборник документов и материалов. / Отв. ред. З.Г. Сактаганова. - Караганда, 2020. - 410 с.
2. Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны: воспоминания и интервью. Сборник материалов. / Отв. ред. З.Г. Сактаганова. - Караганда, 2020. - 400 с.
3. Ардақ Құлтай. Әлия Молдағұлова: өмірбаяны, соғыстағы ерлігі мен естеліктері. <https://kaz.nur.kz/family/school/2059591-aliya-moldagulova-omirbayany-sogystagy-erligi-men-estelikteri/>
4. Б.Т.Тулеева, Л.К.Шотбакова, Г.М.Смагулова. Вклад женщин Центрального Казахстана в развитие региона (30-90-е годы XX века). - Караганда: Изд-во: ТОО «Tengri Ltd», 2016.- 313 с.
5. Бекен Қайратұлы. Қазақтың танкіші қыздары. <https://e-history.kz/kz/news/show/50000118>
6. Дина Игсатова. Поражающие с первого выстрела. <https://e-history.kz/ru/news/show/4455>

АЛАШ ИДЕЯСЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ КӘРІМ ТОҚТАБАЙ: ТАРИХИ ТҮЛГАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАҢА ҚЫРЛАРЫ

Садылла Н.Д.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Нурпеисова Э.Т.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

Электрондық адресі: nursadylla@gmail.com

Қостанай қ.

XX ғасыр басында қазақ халқының көрген қасіреті мен азабы, тартқан зардабы аз емес-ті. Зұлматты заманда өмірге келген зиялыларды халықтың зарлы да шерлі, запыран үні жайбарақат қалдырмады. Аласапыран заманның кесепаты өз заманынан асып туған асыл ерлердің асқақ арманың аяқ асты етті. Азаттықты аңсаған Алаш азаматтары заманының аждаһасымен ғұмырының ақырғы сәулесі сөнгенше арпалысып өтті. Сол қасіреттің ең ауыры - есіл ерлердің жазықсыз жапа шегуі еді. Сондай алыптардың бірі де, бірегейі Кәрім Тоқтабай болатын. К.Тоқтабай Алаш идеясын қолдаған және жүрегі Алаш деп соққан азаматтардың бірі болды. Есімі ескерусіз қалған Алаш арыстарының атын ардақтап, қолға шам алып, шаң басқан архивтерді ақтару - біздің парыз. Сонымен, көп жылдар бойы халқына беймәлім болып келген Кәрім Тоқтабай кім?

Кәрім Досжанұлы 1892 жылы бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезінің Шұбалаң болысындақазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Қаламқарасу ауылында дүниеге